

ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ РОЛЬ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ THE ROLE OF COMPETENCY IN LEARNING LANGUAGES

МРНТИ 16.01.45

А. Бакитов,¹ А. Смагулова², Р. Маткеримова³

¹филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасының и.о.доценті, Алматы қ., Қазақстан, Карасай батыра 95 e-mail: bakitov77aitkali@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасының и.о.доценті, Алматы қ., Қазақстан, Карасай батыра 95 e-mail: smagulova.aigerm@kaznu.kz

³экономика ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасының Алматы аға оқытушысы, қ., Қазақстан, Карасай батыра 95 e-mail: raushan.matkerimova@kaznu.kz

КОММУНИКАТИВТІК БІЛІКТІЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада «қарым-қатынас», «мәдениетаралық қарым-қатынас», «коммуникативтік біліктілік» секілді ұғымдарға белгілі тіл мамандарының берген анықтамалары мен ой-тұжырымдарына шолу жасалып, қазақ және француз тілдеріндегі қарым-қатынас барысындағы тілдік және ұлттық мәдени ерекшеліктер салыстырмалы түрде зерттеледі және коммуникативтік біліктіліктің құрамдас бөліктеріне сараптама жасалады.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, мәдениетаралық қарым-қатынас, коммуникативтік біліктілік, лингвистикалық, дискурсивтік, прагматикалық (практикалық), әлеуметтіклингвистикалық, стратегиялық және ой біліктіліктері.

Бакитов А.¹, Смагулова А.², Маткеримова Р.³

¹кандидат филологических наук, и.о. доцента кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, Карасай батыра 95e-mail: bakitov77aitkali@mail.ru

²кандидат филологических наук, и.о. доцента кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, Карасай батыра 95e-mail: smagulova.aigerm@kaznu.kz

³магистр экономических наук, ст. преподаватель кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, Карасай батыра 95 e-mail: raushan.matkerimova@kaznu.kz

КОНЦЕПЦИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КВАЛИФИКАЦИИ И ЕЕ ОСНОВНЫЕ КОМПОНЕНТЫ

Аннотация

В настоящей статье рассматриваются такие понятия как «коммуникация», «межкультурная коммуникация», «коммуникативная компетенция» и обзор определении и мнении известных лингвистов, также в данной статье проведена сравнительно-сопоставительный анализ лингвистическим и культурным особенностям при коммуникации на казахском и французском языках и составляющим коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: коммуникация, межкультурная коммуникация, коммуникативная компетенция, лингвистическая, дискурсивная, прагматическая (практическая), социолингвистическая, стратегическая компетенции

Bakitov A. ¹, Smagulova A. ² Matkerimova R. ³

¹Candidate of philological sciences, associate professor of Chair of «Diplomatic translations» of Department of «International Relations» of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Karasai batira 95 e-mail:

bakitov77aitkali@mail.ru

²Candidate of philological sciences, associate professor of Chair of «Diplomatic translations» of Department of «International Relations» of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Karasai batira 95 e-mail:

smagulova.aigerm@kaznu.kz

³ Master of economical science of Chair of «Diplomatic translations» of Department of «International Relations» of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Karasai batira 95 e-mail: raushan.matkerimova@kaznu.kz

THE CONCEPT OF COMMUNICATIVE QUALIFICATIONS AND ITS BASIC COMPONENTS

Abstract

This article examines such concepts as “communication”, “intercultural communication”, “communicative competence” and a review of the definition and opinion of famous linguists. Also in this article, a comparative analysis of the linguistic and cultural characteristics of communication in Kazakh and French languages communicative competence. **Key words:** communication, intercultural communication, communicative competence, linguistic, discursive, pragmatic (practical), sociolinguistic, strategic competence.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан халықаралық қатынастар субъектісіне айналып, мемлекетаралық қатынастар, қарым-қатынас саласы жаңа белеске көтерілді. Бұл тұрғыдан алғанда елімізде мемлекетаралық қарым-қатынаста жемісті қызмет атқаратын, шетел тілдерін жоғары деңгейде меңгерген білікті мамандар даярлау бүгінгі заман талаптарының бірі болып табылады деп ойлаймыз.

«Қарым-қатынас» дүниежүзінің барша халқына ортақ сөз және ол латынның “communico”, яғни, «жалпылама істеймін, байланыстырамын, қарым-қатынаста боламын» деген мағынаны білдіретін сөз тіркесінен шыққан.

О. Я. Гойхман мен Т. М. Нодейна «Қарым-қатынас» ұғымына мынандай анықтама береді: «Қарым-қатынас - адамдардың танымдық еңбек қызметі үрдісінде олардың өзара іс-әрекетінің өзгеше формасы».

С. Г. Тер-Минасова: «Қарым-қатынас – адамдар арасында ақпаратты берудің әр алуан әдістері, осы тәсілдердің көмегімен адамдар бір-біріне қатынасын құрып, бір-біріне деген сезімін түсіндіреді» дейді [1,15]. Мәдениетаралық қарым-қатынас терминінің пайда болуы XX ғасырдың жетпісінші жылдары жарық көрген Л.Самовар және Р.Портердің оқулығымен байланысты. Сол жылдары негізгі нысанасы екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің қарым-қатынас жасау барысында

кездесетін коммуникативтік сәтсіздіктер мен түсініспеушіліктер болып табылатын ізденіс жұмыстары дами бастады.

Қарым-қатынас туралы қазіргі кезде танымал концепциялардың барлығын алпысыншы жылдары құрамына әр түрлі ғылым саласында жұмыс істейтін зерттеушілер: психиатрлар Ватрлауиск, Жаксон және антропологтар Батсон, Бирдуисмел, Э.Гофман, И.Винкин кіретін американдық Пало Алто мектебінің өкілдері ұсынған. Ғалымдардың пікірінше, қарым-қатынас вербалдық және вербалдық емес әрекеттерді қамтиды. Қарым – қатынас екі немесе одан да көп қатысушы адамдардың қатысуымен іске асатын үдеріс [2,47]. Қатысушыларды сөйлеуші және тыңдаушы деп екі топқа бөлуге болады. Сөйлеуші өз сөздерін, іс-әрекетін тыңдаушыға бейімдейді (яғни сөйлеуші тыңдаушының жасына, статусына, т.б. байланысты өз іс-әрекетін бейімдейді). Сонымен қатар, сөйлеуші сөйлеп отырған кезде тыңдаушы да қарым-қатынасқа қатысады. И.Винкин қарым-қатынасқа мынандай анықтама береді: «Қарым-қатынас телеграф немесе теннис ойыны сияқты емес, бір адам хабар жіберіп, екінші оны қабыл алған соң ғана сөйлеушіге (хабар жіберушіге) айналмайды. Қарым – қатынас оркестр сияқты. Қарым – қатынас бірнеше каналды жүйе. Бұл жүйеге коммуниканттар оркестрдегі музыканттар секілді әр уақытта қатысады. Бірақ бұл оркестрде дирижер болмайды. Әркім өзімен әңгімелесушіге байланысты, оның жасына, жынысына, әлеуметтік рөліне және тағы басқа да қарым – қатынас ережелеріне сүйене отырып, сөзін, іс-әрекетін тыңдаушыға бейімдейді» [3, 254].

Мәдениетаралық қарым-қатынасқа М.Б.Бергельсон мынандай анықтама береді: «Межкультурная коммуникация – это разновидность коммуникации, при которой представители разных культур используют при прямом контакте специальные языковые варианты и дискурсивные стратегии» [4, 166].

Мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде әр түрлі мәдениет, әр түрлі әлеуметтік және жас ерекшелігі бар топтар өкілдерінің арасында ақпарат алмасу болады. Мәдениетаралық қарым-қатынас әр түрлі ұлт өкілдеріне таныс емес мәдени кеңістікте дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, олардың бірін-бірі түсінуіне көмек береді. Тілді үйрену тек грамматикалық ережелер мен сөздерді меңгеру ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де үйрену екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Себебі мәдениетті білмейінше тіл әр түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың сәтті болуына жеткіліксіз.

Белгілі бір мәдениет немесе ел адамдарының қарым-қатынас жасау барысында ұстанатын белгілі ережелері, жоралары бар. Атап айтар бір жәйт, бұндай ережелер тек бір адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне негізделмеген, керісінше әр адам өз іс-әрекетін сол мәдениет өкілдерінің бәріне ортақ ережелерге лайықтайды, яғни әр кезде қарым-қатынас белгілі бір қоғамға тән салт-жоралармен, ережелермен жүзеге асады. Мысалы, бастық пен оның қол астында қызмет атқаратын адамның арасындағы қарым-қатынас барысындағы вербалды және бейвербалды іс-әрекеттер мен достар арасындағы әрекеттердің арасында айырмашылық көп. Мінекей, қарым-қатынас барысында лингвистикалық біліммен қоса әлеуметтік-мәдени білімнің де атқаратын рөлі зор. Лингвистикалық біліктілік сөйлеуші мен тыңдаушыға сөйлемдер құрап, өз ойын жеткізуге және сол сөйлемдерді түсінуге мүмкіндік беретін грамматикалық ережелер жүйесі болып табылса, коммуникативтік біліктілік грамматикалық ережелер мен әлеуметтік-мәдени білімнен құралады. Бұндай білім адамға әр түрлі коммуникативтік мәдени жағдаяттарда жақсы нәтижеге жетуіне көмектеседі. Коммуникативтік біліктілікке әңгімелесу ережелері, әдептілік нормалары да жатады, яғни әр түрлі коммуникативтік жағдаятқа сәйкес амандасу, алғыс айту, мақтау, өтініш білдіру тағы басқалар әр түрлі жолмен жүзеге асады [5,74]. Бәрімізге белгілі, бір сөйлем қолданысқа түсу үшін оның грамматикалық тұрғыдан дұрыс болғандығы жеткіліксіз. Кез келген сөз, сөйлем өзіне тән қолданыс ережелеріне бағынады. Сонымен, сөйлеу біліктілігі тілдік және коммуникативтік біліктіліктерден құралады.

Бүгінгі таңда мәдениетаралық қарым-қатынас жөнінде зерттеу жұмыстары өте көп. Көптеген лингвистердің айтуынша, бұндай ізденіс жұмыстары төмендегідей принциптерге негізделген:

1. «Өзара қарым-қатынас жүйесі бір мәдениеттен екінші мәдениетке өзгеріп отырады, басқаша айтқанда әр ұлттың өзіне тән мәдениеті, өзара қарым-қатынас жасау жүйесі бар. Тілі мен мәдениеті әр түрлі халықтар арасындағы қарым-қатынастарды салыстыра зерттегенде ең бірінші осы тілді және мәдени тұрғыдан әр түрлі елдердің арасындағы өзгешеліктер тудыратын коммуникативтік мәселелердің көзін анықтау керек. Бұлар: сөз әрекеттерінің жүзеге асуы, сөз кезегін сақтау ережелері, адамдар арасындағы қарым-қатынас ережелері, алуан түрлі эмоцияның, сезімнің тілде көрініс табуы және т.б.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынас барысында бұндай өзгешеліктер екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің арасында түсінбеушілік тудыруы мүмкін» [5, 78].

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерге дәлел ретінде бірнеше мысалдар келтірейік: кейбір коммуникативтік жағдаят барысында шетелдік сөйлеуші калька жасайды, яғни ол өз ана тіліндегі кейбір тілдік құбылыстарды шетел тілінде сөйлегенде қолданады. Мысалы:

1. *Men sizdi Жаңа жылыңызбен құттықтаймын* деген тілекті көп адамдар француз тілінде *«Je vous souhaite bonne année»* - деп айтудың орнына *«Je vous félicite à l'occasion du Nouvel An»* - деп тікелей аударма жасап айтады.

2. Француз тіліндегі: *«Vous voulez fermer la porte, s'il vous plaît»* <Есікті жапқыңыз келе ме?> деген сөйлем *«Fermez la porte, s'il vous plaît»* <Есікті жабыңызшы> деген мағына береді.

3. *«Tu ne vas pas me faire croire ça»* <Сен бұған мені сендіре алмайсың > деген емес *«Tu es un menteur»* <Сен өтірікшісің> деген мағынаны білдіреді.

4. *«Tu ne vas pas me raconter toujours la même histoire»* <Сен маған ылғи да бір әңгімені қайталап айтпайтын шығарсың> деген сөйлем имплицитті түрде *«Tu m'ennuies, tais-toi»* <Сен мені жалықтырдың, аузыңды жап> деген мағынаны білдіреді.

Әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасында түсінспеушілік тудыратын тілдік ерекшеліктермен қатар, мәдени айырмашылықтар да кездеседі. Мәселен, танысу барысында ұстанатын әдептілік ережелері әр ұлтта әр түрлі болады. Бір корейлік алғашқы кездесуден кейін француз ғылыми жетекшісі туралы былай дейді: *«Мені француз ғылыми жетекшім өте суық қабылдады. Ол менен тіпті отбасы жағдайымды, жасымды, қайда тұратындығымды сұрамады. Ол маған тек қана мекеменің құрылысын, оқуға жазылу ережелерін түсіндірді»*. Керісінше, бір жыл Кореяда болған француз информанты былай дейді: *«Корейліктер шетелдікпен танысқан кезде, бірден оның жасын, отбасы жағдайын, балаларының бар – жоқтығын сұрайды. Бұл еуропалықтарға нағыз тергеу сияқты ерсі көрінеді»* [6, 47]. Бірінші мысалда, француз ғылыми жетекшісі француздардың әдептілік ережелерін сақтай отырып, өз әңгімелесушісінің жеке өміріне байланысты сұрақтар қоюдан аулақ болады, себебі бұндай сұрақтар ол үшін орынсыз болып есептеледі. Екінші мысалда корейлік шетелдіктен жасын, отбасы жағдайын сұраудан именбейді, себебі бұндай сұрақтар корейліктер үшін әдепсіздік емес, тек орынсыз қолданылмаса болғаны. Сонымен қатар, бұндай сұрақтар корейліктер үшін адамға жақындау стратегиясы бола алады. Әңгімелесушінің әлеуметтік мәдени ерекшеліктері туралы білімдердің жеткіліксіздігінен, француз бен корейлік сөйлеу актілерін өздерінің ұлтында қалыптасқан мәдени ерекшеліктерге, әңгімелесу ережелеріне сүйене отырып түсіндіреді. Бұл сөйлеу жағдаятында басқаның іс-әрекеті жағымсыз түрде бағаланған, *өте салқын қабылдады, нағыз тергеу сияқты ерсі көрінеді* деген сияқты баға берілген.

Әдептілік бір қоғамның деңгейінде ғана әмбебап деп айтуға болады. Әдептілік әр қоғамда әр түрлі жолмен көрініс табады. Тілді жете білмеуден басқа, тілінде сөйлеп отырған елдің салт-дәстүрін, мәдениетін білмеу де түсінбестік туғызатындығын байқауға болады. Сонымен қатар бұндай түсінбестік екі ұлт өкіліне де ортақ, яғни бір шетелдік екінші шетел азаматының кейбір іс-әрекетіне таң қалуы мүмкін немесе түсінбеуі ықтимал, керісінше екінші шетелдік те бірінші шетелдіктің кейбір іс-әрекетіне, сөздеріне таң қалып, түсінбеуі мүмкін. Бұдан іс-әрекетке жағымсыз баға беру туындайды.

Бәрімізге белгілі, қазақтар тіл, сөз құдіретіне сенгендіктен, тіл-көз тимесін деп адамды, әсіресе кішкентай баланы көп мақтамайды, мақтай қалған жағдайда тіл-көзден аулақ болсын деген ниетпен бірден «тьфу-тьфу» дейді. Француздарда еңбекақысы туралы сұрақ қою орынсыз болып есептелсе, қазақтарда жолаушыдан «Қайда бара жатырсың?» - деп тіке сұрамаған, «Жолың (-ыңыз) болсын!» деген тілек айту арқылы меңзеп сұрайды.

Жетпісінші жылдарда зерттеушілердің көпшілігі шетел тілдерін коммуникативтік бағыттағы оқыту жолына үлкен көңіл бөлді, яғни, мұндағы мақсат ана тілінде емес, үйреніп жүрген тілде сол тіл өкілімен қарым-қатынас жасау іскерлігін қалыптастыру болып табылады.

Ең бірінші американдық ғалым Н. Хомский (1965) “тіл қабілеттілігі” мен “тіл белсенділігі” ұғымдарының байланысын анықтауды қолға алды.

Н. Хомский В. Гумбольдтің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, генеративтік грамматиканың мәселесін [латынның competence деген сөзінен шыққан – белгілі бір нәрсеге қабілетті болу деген мағынаны білдіреді] көбінесе ана тілінде нақтылы тілдік іс-әрекеттерді орындауға қажетті, қабілеттілік ретінде анықтады. Н. Хомский біліктілікті грамматикалық білімді жете білу деп анықтайды, соның негізінде сол тіл өкілі грамматикалық дұрыс сөйлемдердің тууына себепкер болады және сонымен қатар ол кейбір сөз айтылымдары оның тіліне жатады ма немесе жатпайды ма соны талқылайды. Сөз тудыруға грамматикалық білімді қажет екенін ескеру қажет. Бірақта сөз жағдаяттары да жоққа шығарылмайды, оның дәлелдемесі А. Р. Лурияның көзқарасында жетекші орын алады: «Тілдегі “біліктілікпен” [тілдік қабілеттілік] және тілді “қолдану” [тілдік белсенділік] бірден пайда болған жоқ және тәуелсіз екі құбылыс болып табылмайды». Сөз іс-әрекетінде өзін көрсетуші және “білімнің белгілі бір жиынтығы мен ұсынылуының ” меңгеруші тілдік тұлға ұғымының (Ю. Н. Караулов) енгізілуі, біліктілік ұғымын тілдік тұлғаның онтогенізде иемденген және оқу процесінде меңгерген мағлұмат жиынтығының нақтылы реттік жүйемен біріккен эксралингвистикалық және тілдік білімнің жиынтығы ретінде анықтауға мүмкіндік берді, сонымен қатар, санада жинақталған индивидтің негізгі мәлеметі болып табылады. Соған сәйкес, Щукин А.Н. өзінің «Обучение иностранным языкам: Теория и практика» [7,87] еңбегінде коммуникативтік біліктілікке мынандай анықтама береді: коммуникативтік біліктілік – үйреніп жатқан тіл құралдарының көмегімен қарым – қатынас мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес сөз әрекетін жүзеге асыру қабілеті». Сонымен, коммуникативтік біліктілік жеке адамның шетел тілін үйрену үдерісінде меңгерген білімі, жеке адамның сөзді тудыру барысында ақпараттың қажетті мазмұнын беру үшін немесе қабылдау кезінде ақпаратты түсіну үшін жеке адамның меңгерген және қолданатын сөз іс-әрекетінің барлық түрлерінің іскерлігіне меңгергендігі болып табылады. Коммуникативтік біліктілік қарым – қатынасқа қатысуға мүмкіндік беретін іскерліктер жиынтығына және біліктіліктің басқа да түрлеріне негізделеді.

Коммуникативтік біліктіліктің толық сипаттамасын Л. Ф. Бахман берді. Автор мұнда тілдік (лингвистикалық), дискурсивтік, прагматикалық (практикалық), әлеуметтіклингвистикалық, стратегиялық және ой біліктіліктерін кіргізеді.

Коммуникативтік біліктіліктің құрамдас бөліктеріне жеке – жеке тоқталып өтелік:

1. Лингвистикалық біліктілік - бұл тіл жүйесі жайлы білімдерді меңгеру, тіл бірліктерінің сөздегі қызмет ету ережелерін білу және тіл жүйесі көмегімен өзге адамдардың ойын түсіну және өз ой- пікірін, коммуникативтік ниетін ауызша және жазбаша түрде жеткізе білу қабілеті.

2. Коммуникативтік біліктіліктің келесі құрамдас бөлігі - әлеуметтік мәдени біліктілік. Әдіскерлердің ойынша, біліктіліктің бұл түрі тіл үйренушілердің оқып жатқан тілде сөйлейтін ұлт өкілдерінің әлеуметтік және сөйлеу әрекеттерінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін білу және үйреніп жатқан тіл өкілдерінің дәстүрлерін, әдет - ғұрыптарын, әлеуметтік стереотиптерін, сан ғасырлық тарихы мен мәдениеттерін білу, сонымен қатар қарым-қатынас үдерісінде осы білімдерді қолдана алу болып табылады.

Шетел тілдері сабақтарында аталмыш біліктілікті қалыптастыру мәдениеттер диалогы контекстінде әлемді қабылдаудың әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін ескере отырып өткізіледі және «екінші тілдік тұлға» қалыптасуына ықпал етеді.

3. Сөз біліктілігі - сөз әрекетін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, коммуникативтік ниетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тілдің көмегімен ойды қалыптастыру, тұжырымдап жеткізу тәсілдерін білу, сонымен қатар осы аталған тәсілдердің көмегімен басқа адамдардың айтқан ойын түсіну және өз ой – пікірін жеткізу қабілеті болып табылады. Сонымен қатар сөз біліктілігі сөз әрекетінде тілді қолдану қабілеттілігін де қамтиды.

Біліктіліктің бұл түрін кейбір зерттеушілер әлеуметтік лингвистикалық біліктілік деп атайды. Сөз біліктілігін әлеуметтік лингвистикалық біліктілік деп атау арқылы сөйлеушінің сөйлеу әрекетінің шарттарына, атап айтқанда сөйлеушінің жағдаяттарға, коммуникативтік мақсаттар мен ниеттерге байланысты қажетті лингвистикалық формалар мен тәсілдерді таңдап алу іскерлігін көрсетуге тырысады.

4. Дискурсивтік біліктілік тіл үйренушінің мәтінді құру мен түсіндіру үшін нақты стратегияларды қолдана білу қабілетін білдіреді. Көптеген әдіскерлер атап көрсеткендей, коммуникативтік бағдарлы оқыту формаға емес, мазмұнға бағытталады. Сондықтан да дискурс деп аталған «не айту керек» және «қалай айту керек» дегендерді қамтитын коммуникативтік мазмұн формасы қызығушылық тудырады. Дискурс - біртұтас байланысқан мәтін, фразадан жоғары бірлік. Дискурс пен мәтін арасындағы айырмашылық: мәтін қандай да бір абстрактылы – формалды құрылымды білдірсе, дискурс қарым – қатынас барысында туындайтын мәтінді білдіреді. Осылайша, дискурс дегеніміз лингвистикалық белгілермен қатар, қарым – қатынас жағдаяты мен қарым – қатынасқа қатысушылардың ерекшеліктерін көрсететін экстралингвистикалық өлшемдері бар сөз туындысы. Дискурстың осы анықтамасына сәйкес, дискурсивтік біліктілікті - әртүрлі дискурстерге тән ерекшеліктерді білу, сондай-ақ қарым-қатынас жағдаятында дискурс жасай білу деп анықтауға болады.

5. Коммуникативтік біліктіліктің бесінші құрамдас бөлігі - стратегиялық біліктілік. Л.Ф.Бахман өз зерттеу жұмысында стратегиялық біліктілікті коммуникативтік тілдік қабілеттіліктің аяқталған элементі ретінде қарастырады. Л.Ф.Бахман айтуынша, **стратегиялық біліктілік** - жеке адамның ақпарат алмасу үдерісінде тілдік біліктіліктің барлық элементтерін қолдана алу қабілеттілігі.

А.Н. Щукинаның пікірінше, стратегиялық біліктілік – шетелдік ортада тілдік біліміндегі, сондай – ақ сөйлеу мен әлеуметтік тәжірибесіндегі кемшіліктердің орынын толтыру біліктілігі болып табылады. Мәселен, тіл үйренушілердің өздеріне таныс емес сөздердің мағынасын контекстке, тақырыпқа, жағдаятқа немесе сөз құрылымындағы таныс элементтерге (түбір, қосымшалар және т.б.) сүйеніп түсінуі.

Стратегиялық біліктілік – коммуникативтік біліктіліктің бір бөлігі, бұл танымдық механизм, оның көмегімен экстралингвистикалық және тілдік біліктіліктер арасында байланыс іске асады, тілдік мінез – құлық стратегиясын таңдау арқылы жеке адамның жағдаятқа қажетті тілдік және түпкі білімдері іске асады.

6. Әлеуметтік біліктілік басқа адамдармен қарым – қатынас жасау ниеті мен іскерлігінде және сөйлеушінің коммуникативтік ниеті мен жағдаятқа сәйкес өз сөйлесімдерін құрау қабілетінде көрініс табады. Біліктіліктің бұл түрін ғалымдар **прагматикалық біліктілік** деп атайды. Бұл атау арқылы ғалымдар тіл үйренушінің коммуникативтік акті шарттары мен алға қойған мақсатқа байланысты өз ой- пікірін жеткізудің ең тиімді тәсілін таңдап алу іскерлігін атап көрсетеді.

- Қазақ және француз тілдеріндегі тілектердің қызметіндегі бір үлкен айырмашылық қазақ тілінде тілек тек қана адресатқа жақсылық тілеу ғана емес, сонымен қатар оған алғыс айтып, ризашылығын білдіру, іс - әрекетін құптап, жағымды бағалау үшін де қолданылады. Мәселен, үлкенге кіші көмектесе, үлкен кісі оған: *Өркенің өссін! Таудай азамат бол! Бақытты бол! т.б.* тілектер айтады. Француз тілінде тілектердің жағымды баға беру мақсатымен қолданылған жағдайларды зерттеу барысында бізге белгілі әдеби шығармалар мен ғылыми еңбектерден кездестірмедік.

- Француз тілінде баланың сырт-келбетіне мақтау айту ешқандай конвенциямен шектелмеген болса, қазақ тілінде бөтен адамдар балаға көп мақтау айтпайды, тіл - көз тиіп кетеді деген пікір бар, сондықтан да қазақ халқында кішкентай баланы *жаман бала, жаман қыз* деп еркелете мақтау қалыптасқан.

- Вербалдық белгілер адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты құралы болғанымен, олар адамның әр түрлі эмоциясы мен сезімін жеткізу үшін жеткіліксіз. Тілдік белгілер бейнелей алмайтын адамның әр түрлі эмоциясы, көңіл күйі бейвербалдық белгілердің көмегімен беріледі. Е.И.Рогов өзінің “Психология общения” (Москва, 2001) еңбегінде атап көрсеткеніндей, сөйлеуші 40 % ақпаратты тілдің көмегімен бере алады. Қалған ақпараттар паралингвистикалық белгілер арқылы беріледі. Сондықтан да қарым-қатынастың коммуниканттар үшін тиімді болуы олардың сөздерді және

вербалдық Қарым-қатынастың басқа да элементтерін түсіне білуіне және ым-ишарат, дене қозғалысы, дауыс ырғағы т.б. бейвербалдық белгілердің көмегімен берілетін ақпараттарды дұрыс түсіне білуіне байланысты.

- Жағымды бағалаудың бейвербалдық белгілеріндегі ұқсастықтар: Қазақтарда да, француздарда да адамның іс - әрекетіне риза болып, жағымды баға беруде **алақан шапалақтау, бетінен сүю, арқасынан қағу, бас бармақты жоғары көтеру** сияқты паралингвистикалық белгілер қолданылады. Осы жерде айта кетер бір мәселе: кейбір бейвербалдық белгілер жағымды бағалаумен қатар, қолданылу жағдайына байланысты наразылықты көрсетіп, жағымсыз бағаны білдіруі де мүмкін. Мәселен: *...Тілектің аудармашылығына” жұрт қыран күлкіге батып, ду қол шапалақтады. Шешен қағазына тағы да шұқшия бастап еді, жұрттың ду қол шапалағы қайта басталып, сөз бастауға мұрша бермеді. Сөйтсе жұрттың осыныша қол соққаны – олардың “Тілек, желікпе сөзің жетеді, енді мінбеден тұс” деген белгісі екен.*

- Жағымсыз бағалауға қатысты бейвербалдық белгілерге келетін болсақ, олар көбінесе “көзбен”, “қаспен”, “қабақпен”, байланысты болып келеді. Қазақ тіліндегі: *ала көзімен ату, жаман көзбен қарау, жеп қоятындай қарау, жаман қарау, көзбен ату, көзін аларту, қабағын түю, оқты көзбен қарау, т.б.*, француз тілінде: *regarder du mauvais oeil, regarder de travers, faire de gros yeux, froncer les sourcils, lancer un regard sévère sans rien dire* сөз қолданыстарында наразылық, ұнатпаушылық, құптамау, жағымсыз бағалау мәні жатыр.

- Екі тілдегі жағымды және жағымсыз бағалауды білдіретін бейвербалдық белгілерді айырмашылықтарына қарай 3 топқа топтастыруға болады:

- Екі тілде де кездесетін, бірақ беретін мағыналары әр түрлі бейвербалдық белгілер: Қазақтарда “тамағының астын саусақпен шерту” вербалдық емес белгісі қолданылса, француздарда осы аталған белгі “бауыздау” деген мағынаға ие.

- Бір мәдениет өкілдері қолданатын, бірақ екінші тілде ешқандай мағына бермейтін бейвербалдық белгілер: француздарда алақанынан жүн жұлып жатқандай қимыл жасау “еріншек” деген мағынаны білдірсе, сол қолының бұлшық етін оң жұдырығымен үйкелеу “мақтаншақ адам” дегенді меңзейді. Ал қазақ тілінде аталмыш паралингвистикалық белгілер қолданылмайды.

- Бір жағымды не жағымсыз баға екі тілде екі түрлі бейвербалдық белгінің көмегімен беріледі: Француздарда сұқ саусағымен көзінің астын тигізу, “сен өтірік айтып отырсың немесе ол өтірік айтып отыр, ол - өтірікші” дегенді меңзесе, тура осы мағынаны білдіру үшін қазақтарда “құлақты саусағымен ұру” белгісі қолданылады.

- Бағалаудың бейвербалдық белгілері француз тілінде кеңірек орын алған, себебі қазақ халқы сөз құдіретіне сенгендіктен, эмоциясын, сезімдерін, ой-пікірін көбінесе тілдік бірліктермен білдіреді.

Тіл коммуникативтік мақсаттарда ой құралы ретінде ғана қолданылады, өйткені қарым-қатынас процесінде коммуникативтік мазмұн беріліп қана қоймайды, сонымен қатар сөз-ойлау әрекеті нәтижесінде жасалады. Тіл үйренушілерді лексика, грамматикаға оқытумен қатар, Қарым-қатынасқа үйрету қажет, яғни коммуникативтік біліктілікті және оның құрамдас бөліктерін дамыту қажет. Бұл өте маңызды, өйткені коммуникативтік біліктілікті оның бөліктерінен қалыптастыру мүмкін емес. Егер оқушы қарым-қатынас тақырыбының мазмұнын білсе де, сөз айтылымның коммуникативтік стратегиясын меңгермесе, Қарым-қатынас іске аспайды. Коммуникативтік біліктілікті оның құрамдас бөліктерімен бірге дамыту қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. С. Г. Тер-Минасова *Язык и межкультурная коммуникация*. - Слово / Slovo. Москва 2000. - 146 стр.
2. Goffman Erving. *Les rites d'interaction*. - Paris, les Editions de Minuit, 2005,- p 230.
3. Winkin Yves, *La nouvelle communication*. – Paris, Seuil, 2001.-p.207.
4. Бергельсон М.Б. *Межкультурная коммуникация как исследовательская программа: Лингвистические методы изучения кросс-культурных взаимодействий // Вестник МГУ, сер.19. – 2001, №4.-с.166-181.*

5. Kerbrat-Orecchioni Catherine, *Les interactions verbales*, tome 1. – Paris, Armand Colin, 1998.- p.250.
6. Mauchamp Nelly, *Les Français (mentalité et comportements)*. – Paris, Clé international, 1994. – p.95.
7. Щукин А.Н. *Обучение иностранным языкам: Теория и практика*, - М.: Филоматис, 2004, - стр. 140